

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
«Әдістемелік кабинет» КММ
МКҚК №19 «Бұлақ» балабақшасы»

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
2021 жылғы « 17 » 09
№ 273 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА
«Өнер өрнектері»
(мектепке даярлық топ)

Ақтөбе, 2021 жыл

Бағдарламаның негізі: Нүсіпбекова М. И., Әубәкірова Р.Ж., Абремская И.Б.
Бейнелеу өнері мен қол еңбегі – Алматы: «Аруна» баспасы, 2008.

Құрастырған: Аймағамбетова Н.К., тәрбиеші.

№19 «Бұлақ» балабақшасының педагогикалық кеңесі отырысында «Өнер
өрнектері» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

«27» тамыз 2021 ж.

№19 «Бұлақ» балабақшасы меңгерушісі



(қолы)

Ә.Е. Ердаулетова
(аты-жөні)

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Өнер өрнектері»
бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1

« 31 » 08 2021 ж.

Сараптау комиссиясының төрайымы: :



(қолы)

М.О. Косымбаева
(аты-жөні)

**Тәрбиеші Аймағамбетова Нурсәуле Кисановнаның
«Өнер өрнектері» атты бағдарламасына**

Пікір

Баланы сәбилік кезеңнен бастап айналыстағы осы әсемдік атаулының кыр-сырын ұғынуға, өнер атаулыдан әсер алып, сезіне білуге баулу келешек азаматтың сезім пернелерін қозғай, жан-жүйесі ізгілік иірімдеріне батса, өнерден нәр алып, сусындаса, балалық көңілі таза, пәк қалпында қалыптасады. Өйткені ол белгілі бір өнер түрімен айналыса отырып, мәселен: балабақшада сурет салу, немесе қағазбен жұмыс жасау, мүсіндеумен шұғылдануда өзінің барлық ерік-жігерін, ынта-ықыласын іс-әрекетке аударып, соның нәтижесіне жетуге ұмтылады. Еңбек студия мәдениеті, шығармашылық қабілеті жетіле түседі. Өнердің өзіне ұнаған түріне деген қызығушылығы артып, қарым-қатынасы барысында өзара жолдастық, достық көмек, жағымды мінез-құлық дағдылары, қайырымдылық пен мейірімділік, үлкен мен кішіге кішіпейілдік және сүйіспеншілік сезімдері қалыптасады. Баланың ішкі жан-дүниесінің сұлу болуы өнер туындыларын, ол жайындағы түсініктерін тәрбиелеуден бастау алады. Мұндай сұлулық сырын, ізгілік қасиеттерді бойға сіңіру балабақшада тәрбие жұмысын ұйымдастыруда балалармен бірлесе атқарылатын істе өз орнын таппақ.

«Өнер өрнектері» бағдарламасында 5-6 жастағы балалардың халық өнері арқылы сезімін оятып, көркемдік талғамын арттыру, өнер ерекшеліктерін, байлығын түсініп, бағалай, құрметпен қарай білу қасиеттерін қалыптастыру көзделеді. Шығармашылық үрдісте интуиция, қиял, сонымен қатар тұлғаның мүмкіншіліктерін ашуға деген қажеттілік маңызды рөл атқарады. Сондықтан да балалардың көркемдік-шығармашылық әрекетіне кең көлемді жағдай тудыру керек. Балаларда бір-бірімен, үлкендермен бірлесіп істеу арқылы ұжымдық қарым-қатынас жасау дағдысы қалыптасады, баланың ойын тынықтырады.

Іс-әрекетті ұлттық ән-күймен, баяу музыка әуенімен өткізу өте орынды болар еді. Берілген бағдарлама балаларды үйретуде көптеген балабақша тәрбиешілеріне де құрал болары сөзсіз.

Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ

педагогика ғылымдарының кандидаты
доцент



С.Е.Досжанова

Түсінік хат

Қазіргі заман талабы баланың жеке басын қалыптастыру, оның көкірегін оятып, ата-бабадан қалған асыл мұрасын, тұрмыс-салт өнегесін, әдеп-ғұрып дәстүрін баланың сәби шағынан бойына сіңіру, адамгершілік, ізеттілік, эстетикалық сезім - әрекеттерін қалыптастыру. Балабақшадағы тәрбие жұмысын ұйымдастыруда өнер әлемі жайындағы түсініктер беру-баланың ақыл-ойын дамытып, қиялын шарықтатуға, ептілік, бейімділік, іскерлік дағдыларды бойына сіңіруге септігін тигізеді. Балаларды бұл өнерге баули отырып, жалпы игілік үшін еңбек етуге, әр затты жасағанда оның әр бөлшегіндегі әсемдігін және оның мазмұнын түсініп, сезіне білуге үйретуді көздейді. Сонымен бірге еңбекке бұлай араластыру көркемдік талғам мен эстетикалық көзқарастарды, нанымдарды ерте сіңіруге, халықтың мәдени және адамгершілік мұрасына қамқорлық сезімін қалыптастыруға көмектеседі. Өз қолдарымен шығаршылық жұмыс түрлерін жасау 5-6 жастағы балалар үшін ең қызықты және қол жетерлік еңбек түрі болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны: Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы, ығрақпен, пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастырады, үлкендердің еңбегімен танысады. Қарапайым көркем образдарды жасау, образды түрлі ұсақ бөліктермен, сәндік элементтермен толықтыра отырып, көңіл-күйін бере біле, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдайды. Шығармашылықпен айналысу баланың зейінін өзіне аударып, қиялын шарықтатып, көру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, түсті сезінуін дамытады.

Бағдарламаның мақсаты: Балаларды қазақ халқының ұлттық сәндік-қолданбалы өнерінің желісін пайдалана отырып, бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын қалыптастыру, адамгершілік пен отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеті:

- Балалардың шығармашылық қабілетін, ой-қиялын, саусақ қимылдарын дамыту. - Композиция құру дағдыларын, жұмыс жасау тәсілдерін меңгерген кезде көру және қозғалу үйлесімділігін дамыту арқылы тұлға қалыптастыру.

- Балалардың шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін қалыптастырып, бастаған істі тиянақты аяқтауға, еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылдыру.

Бағдарламаның нәтижесі: Саусақтарымен үнемі қимыл жасауы, баланың шығармашылық қабілетін, ой-қиялын дамытып, кез-келген қозғалыстарға икемді болуына да ықпалын тигізеді. Түрлі түстер мен өрнектерді, композициясын үйлестіріп келістіру қабілетін дамыта, жұмыс жасау тәсілдерін меңгерген тұлға қалыптасады. Балалар жұмыс орнын ұйымдастырып, еңбек процесінің өзін орындауға ат салысады, еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылады.

«Өнер өрнектері» бағдарламасы 1 жылға сәйкестендіріп құрылған, сағат саны – 36, апталық жүктемесі 1 сағаттан, ұзақтығы 25-30 минут.

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Сағаты
1	Туған өлкем	1
2	Киіз үй	1
3	Киіз үй «Сықырла уық»	1
4	Ұлттық бұйым «Әдемі кілем»	1
5	Ұлттық бұйым «Текемет»	1
6	Ұлттық бұйым «Сырмақ»	1
7	Ұлттық бұйым «Басқұр»	1
8	Ұлттық бұйым «Сандық»	1
9	Ұлттық бұйым «Кебеже»	1
10	Ұлттық бұйым «Жозы»	1
11	Ұлттық бұйым «Көрпе»	1
12	Ұлттық бұйым «Аяққап»	1
13	Қожанасыр	1
14	Ұлттық киімдегі ару қыз	1
15	Сәйгүлік	1
16	Дала кемесі - түйе	1
17	Ұлттық киім «Шапан»	1
18	Ұлттық киім «Камзол»	1
19	Ұлттық киім «Сәукеле»	1
20	Ұлттық киім «Мәсі»	1
21	Зергерлік бұйым «Білезік»	1
22	Зергерлік бұйым «Жүзік, сырға»	1
23	Зергерлік бұйым «Қапсырма»	1
24	Зергерлік бұйым «Белдіктер»	1
25	Дастарқан	1
26	Ұлттық ыдыс «Әдемі табақ»	1
27	Ұлттық ыдыс «Тостаған»	1
28	Ұлттық ыдыс «Құмыра»	1
29	Ұлттық ыдыс «Күбі»	1
30	Ұлттық ыдыс «Торсық»	1
31	Наурыз-думан	1
32	Ұлттық аспап «Домбыра»	1
33	Ұлттық аспап «Қобыз»	1
34	Жайлауда	1
35	Бәйшешек	1
36	Қызғалдақ	1

Күнтізбелік тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағаты
1	Туған өлкем	Балалардың туған өлке туралы түсініктерін қалыптастыру. Ашық, қанық түстерді қолданып сурет салу, талғампаздыққа, ептілікке баулу. Өздігінен жұмыс жасай білуге үйрету, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1
2	Киіз үй	Балаларды киіз үймен таныстыра отырып, сурет сала білуге үйрету. Баланың бойында шығармашылық қабілетін дамыт. Өз ұлтының ұлттық заттарына құрметпен қарап, қастерлеуге тәрбиелеу.	1
3	Киіз үй «Сықырлауық»	Қазақтың ұлттық заттары, ою-өрнектері жөніндегі білімдерін бекіту. Балаларға затқа қарап, елестетіп және ойдан құрастырып мәнерленген образды сәндеу әдістерін пайдалануды (рельеф, илеу, кескішпен ойып алу немесе қырып із салу) мүсіндеуді үйрету. Еңбекке деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
4	Ұлттық бұйым «Әдемі кілем»	Геометриялық пішіндерді қиюластыра орналастырып жапсыруға, қайшыны ұқыпты пайдалануға үйрету. Шығармашылық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Өз ісіне деген қуаныш сезіміне тәрбиелеу.	1
5	Ұлттық бұйым «Текемет»	Текеметті сәндік қолданбалы ұлттық өрнектермен безендіру тәсілін үйрету. Қылқаламды баспай сурет салу, ою-өрнектерді симметриялы орналастыра білуге баулу. Түсті сезіне білуге, эстетикалық талғамды дамытуға тәрбиелеу.	1
6	Ұлттық бұйым «Сырмақ»	Қазақтың сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарымен таныстыру. Түстік үйлесімділікті сезінуге, ою-өрнек элементтерінің жазықтықта дұрыс орналасуын аңғаруды, сурет салуды үйрету. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
7	Ұлттық бұйым «Басқұр»	Қабаттап бүктелген жолақ қағаздан өрнектер қиюды, ұқыпты жапсыруды үйрету. Ұлттық ою-өрнек туралы білімдерін тереңдету. Саусақ икемділіктерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру.	1

8	Ұлттық бұйым «Сандық»	Балаларды мүсіндеудің тегіс нәрсеге бедерлі сурет түсіре білу әдісімен таныстыру және үйрету, ұсақ қимылдарын дамыту. Есілген ермексазбен әшекейлеу бейімдерін дамыту. Үлкендердің еңбегін, халықтық өнерді құрметтеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1
9	Ұлттық бұйым «Кебеже»	Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру. Шаршыдан ою-өрнек киюды қарапайым жапсыру тәсілдерін пайдалануды үйрету. Әдемілікті, әсемдікті сезіне білулерін, көркемдік талғамдарын дамыту.	1
10	Ұлттық бұйым «Жозы»	Ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын арттыр. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, шығармашылық белсенділігін жетілдіру. Ұлттық еңбекке сүйіспеншілігін туғызу, еңбектенуге ниет қалыптастыру.	1
11	Ұлттық бұйым «Көрпе»	Түрлі түсті қағаздарды пайдаланып, шаршыдан киіп алу әдісіне жаттықтыру, жасай білуге үйрету. Қайшыны ұқыпты қолданып, қауіпсіздік ережесін сақтау. Шығармашылық қабілетін, көркемдік ойлауын дамыту.	1
12	Ұлттық бұйым «Аякқап»	Ұлттық қолөнер түрлерімен танысу, ұлттық өрнектерді тұрмыстық заттар ауқымында дұрыс орналастыра білу. Өз беттерімен киіп жапсыра білуге дағдыландыру. Бастаған істі ойлана отырып соңына дейін аяқтауға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1
13	Қожанасыр	Бейнелеу өнерінің түрі – мүсін туралы түсініктерін қалыптастыру, адам бейнесін мүсіндеу дағдысын бекіту. Халық ауыз әдебиетін түсіндіру арқылы сөздік қорын, ойлау қабілеттерін молайту. Шығармашылық қабілетін, көркемдік ойлануын дамыту.	1
14	Ұлттық киімдегі ару қыз	Ұлттық киім үлгісіндегі суреттерін салуды үйрету. «Ұлттық киім» туралы түсініктерін қалыптастыру, сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру. Балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту.	1
15	Сәйгүлік	Балалардың толық бейнені құрастыру әдісі арқылы мүсіндеу іскерліктеріне баулу. Мүсіндеу кезінде жануарлардың өзіне тән ерекшеліктерін, оған қатысты шамасын беру ептілігін бекіту.	1

		Жан-жануарларға деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.	
16	Дала кемесі - түйе	Балаларды төрт түліктің ішіндегі ерекше мал – түйемен таныстыру. Төрт түлікке қамқорлықпен қарауға, ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Мүсіндеу өнеріне қызығушылықтарын арттыру.	1
17	Ұлттық киім. «Шапан»	Балаларды қазақтың ұлттық киімі- шапанмен таныстыру және оны ою- өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру.	1
18	Ұлттық киім. «Камзол»	Балаларды қазақтың ұлттық киімі- камзолмен таныстыру және оны ою өрнектермен әшекейлей сурет сала білуге үйрету. Қылқаламды ұқыпты қолдануды жаттықтыру. Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.	1
19	Ұлттық киім. «Сәукеле»	Балаларды ұлттық киімдермен, оның ішінде, сәукелемен таныстыру. Түрлі-түсті қағаздарды қолданып, жапсыра білуге үйрету. Ою-өрнектерді орналастыру арқылы шығармашылық қабілетін дамыту.	1
20	Ұлттық киім. «Мәсі»	Тапсырманы өздігінен орындауға талпындыру. Ермексазбен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Ұлттық бұйымға, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру.	1
21	Зергерлік бұйым «Білезік»	Зергерлік бұйымдармен, қазақтың ою-өрнектерінің элементтерімен таныстыру. Балалардың ою-өрнектегі түс үйлесімділігі мен ырғақты сезіну талғамын қалыптастыру. Әсемдікті қабылдай білуге тәрбиелеу.	1
22	Зергерлік бұйым «Жүзік, сырға»	Балаларға ермексаздан ширату, есу әдісін қолдану арқылы ұлттық ою-өрнектерді жеңіл түрдегі бедермен орындауға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын өрнектерді салу арқылы дамыту. Эстетикалық талғамдарын арттыру.	1
23	Зергерлік бұйым «Қапсырма»	Зергерлік бұйымдардың әдемілігіне назар аударту. Жапсыру әдістерін, тапсырманы өздігінен орындауға үйрету. Эстетикалық сезімдерін, қиялын дамыту.	1

24	Зергерлік бұйым «Белдіктер»	Балаларды бұйымдарға қазақтың ұлттық ою-өрнектерін түс ренкін сақтай салуға үйрету. Балалардың жұмыс жасаудың дағдыларын қалыптастыру. Ой-киылдары мен шығармашылықтарын дамыту.	1
25	Дастарқан	Балаларға қазақтың дастарқаны туралы мағлұмат бере отырып, ұқыпты қиып жапсыруды үйрету. Қазақтың ұлттық ою-өрнектер туралы танымдарын жинақтау, заттың пішініне сәйкес ою-өрнекті таңдай алу, безендіру. Эстетикалық талғамдарын арттыру.	1
26	Ұлттық ыдыс «Әдемі табак»	Қазақтың ұлттық ыдыстары туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Ермексазбен әртүрлі әдістерді қолданып, әшекейлеу тәсілін үйрету. Ұлттық бұйымға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.	1
27	Ұлттық ыдыс «Тостаған»	Тостағанды түрлі түсті қағаздарды қолдана жапсыру, өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Қазақтың өнеріне қызығушылығын тудыру, тұрмыстық заттардың көлеміне қарай ою-өрнектерді орналастыруды жетілдіру. Ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.	1
28	Ұлттық ыдыс «Құмыра»	Іс-әрекет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы тілін дамыту. Әдемі құмыра ны ашық түстерді қолданып сурет салу, әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру. Әсемдікті, сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу.	1
29	Ұлттық ыдыс «Күбі»	Илеу әдістерін дұрыс меңгерту, өздерінің қалыптасқан іскерлік дағдыларын жаңа затты мүсіндеуде пайдалану. Ұлттық өрнектерді тұрмыстық заттар ауқымында дұрыс орналастыра білу. Шығармашылық белсенділігін жетілдіру.	1
30	Ұлттық ыдыс «Торсық»	Қазақтың ұлттық ыдыс атауларын ажыратуға үйрету, ұлттық өнермен таныстыру. Торсықты мүсіндей алуға және безендіре білуге үйретіп, саусақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
31	Наурыз-думан	Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беріп, мазмұнды композиция құрастыруға, бақылап көру арқылы ұқыпты сурет салу. Көңіл-күй сезімдерін беру дағдысын нығайту. Өз елінің	1

		тұрмыс- салттарына деген құрмет пен мақтаныш сезімін тәрбиелеу.	
32	Ұлттық аспап «Домбыра»	Қазақ халқының ұлттық аспабы-домбыраны мүсіндеу, үйлесімді сәндеуге дағдыландыру. Қол қимылдарын жаттықтыру. Өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға тәрбиелеу.	1
33	Ұлттық аспап «Қобыз»	Балалардың сәндік –қолданбалы өнер мен қазақтың ұлттық бұйымдары туралы білімдерін жетілдіру. Мүсіндеу өнеріне қызығушылықта рын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту. Тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1
34	Жайлауда	Туған жер табиғатының келбетін,оған тән белгілерін көрсете сурет салу. Бейнелерді беруде түстердің үйлесімділігін сезінуге баулу. Табиғатты қорғауға, сүйе білуге үйретіп, сүйіспеншіліктерін арттыру.	1
35	Бәйшешек	Туған жер табиғаты,бәйшешектер туралы түсініктерін кеңейту. Түрлі-түсті қағаздан бәйшешек гүлін киып жапсыру, қайшыны, желімді ұқыпты пайдалана еңбектену. Қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін дамыту.	1
36	Қызғалдақ	Туған жер табиғаты,қызғалдақтар туралы түсініктерін кеңейту. Баланың кеңістікте орналастыра білу дағдысын жетілдіре қызғалдақ тар суретін салуға үйрету. Қайырымдылыққа баулып, әсемдікті, сұлулықты көре білуге тәрбиелеу.	1
Барлығы			36

Пайдаланылған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер

- 1.1. Нүсіпбекова М. И., Әубәкірова Р.Ж., Абремская И.Б. «Бейнелеу өнері мен қол еңбегі» –Алматы: «Аруна » баспасы, 2008.

Косымша әдебиеттер

- 2.1. Абремская И.Б., Нүсіпбекова М.И., Әубәкірова Р.Ж. «Бейнелеу өнері мен қол еңбегі»- Алматы: «Аруна», 2008 ж.
- 2.2. Оспанова Б., Жиенбаева С.Н «Қол еңбегіне әдістемелік құрал»-Астана: «Арман-ПВ», 2011 ж.
- 2.3. Қайдаров М.У., Асылбекова А.М. «Бейнелеу өнері», 2008 ж.
- 2.4. Қазақтың дарқан дастарханы. - Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2010
- 2.5. 2.6. Нүсіпбекова М.И. «Бейнелеу өнері». Әліппе – дәптер. Алматы, 2008 ж.
- 2.7. Жумабекова Ф.Н., Ойшыбаева А.А. «Құрастыру және қол еңбегі: дидактикалық материалдар»- Алматы: ОАО «Алматыкітап», 2003 ж.
- 2.8. Өмірбекова М.Ш. «Энциклопедия» Алматы кітап 2003 ж.
- 2.9. Әбдіғаппарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері. Алматы.1999.
- 2.10. Болатбаев Қ, Ибрагимов Ұ «Бейнелеу өнері» Алматы «Ата-мұра» 2001 ж
- 2.11. Д.Шокпарұлы., Д.Дәркембайұлы «Қазақтың қолданбалы өнері» Алматы, 2007 ж.
- 2.12. Королькова Н. А., Оналбаева А. А. «Жапсыру» Алматы «Алматыкітап». 2013 ж.
- 2.13. Нүсіпбекова М.И. «Бейнелеу өнерінің сиқырлы әлеміне саяхат» -Алматы: «Аруна», 2008 ж
- 2.14. Өмірбекова М.Ш. «Қазақ халқының дәстүрлі өнері» «Алматы кітап» 2004